

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 91 "Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 300 қаулысы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Құқықтық актілер туралы", "Білім туралы" Заңдарына сәйкес, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 91 "Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28361 тіркелген) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1, 2 - қосымшалары осы қаулының 1, 2 - қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Төреғалиев

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2025 жылғы " ____ "
№ ____ қаулысына
1-қосымша

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2022 жылғы
23 мамырдағы № 91 қаулысына
1-қосымша

Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

| Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері | |
|---|--|
| Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) | |
| | Туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, |

| | | | | | | |
|------------|--------------------------|---|--|---|---|---|
| Елді мекен | Тәрбиеле нушілер саны | 10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар | 9 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар | к а н т диабетімен ауыратын, әлсіреген және жиі ауыратын балалар тобында 10,5 сағаттық болу режимі бар | 10,5 сағаттық режимі бар түзету түріндегі топта | Толық емес күн болатын топта, жалпы білім беретін мектеп жанындағы мектепалды даярлық сыныбында |
| қала | 22666 | 56 891 | 52437 | 84798 | 101797 | 25164 |
| ауыл | 12589 | 63 315 | 58147 | 95505 | 115180 | 28019 |

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2025 жылғы " ____ " _____
№ ____ қаулысына
2-қосымша

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2022 жылғы
23 мамырдағы № 91 қаулысына
2-қосымша

Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

| № | Аймақтың атауы | Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге) | | | | |
|---|---------------------|--|---|--|--|--|
| | | Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері | | | | |
| | | Тәрбиеле- нушілер саны | Балабақша/ бөбекжай (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) | Балалар толық күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) | Балалар жарты күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) | Жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар (3 жасқа дейін/ 3 жастан бастап) |
| 1 | Ақжайық ауданы | 1415 | 13500/14000 | 10000/10500 | - | 14500/15000 |
| 2 | Бәйтерек ауданы | 2048 | 19570/23140 | 19570/23140 | -/11685 | 38600/39940 |
| 3 | Бөкей ордасы ауданы | 642 | 15800/16000 | - | - | - |
| 4 | Бөрлі ауданы | 663 | 17000/18000 | - | - | - |
| 5 | Жаңақала ауданы | 1020 | 12600/15750 | 12600/- | - | 17346/17884 |
| 6 | Жәнібек ауданы | 696 | 13000/17000 | - | - | - |
| 7 | Казталов ауданы | 1597 | 14300/17300 | 10000/ 10000 | - | 12000/ 12000 |
| 8 | Қаратөбе ауданы | 745 | 19800/22000 | - | - | 19800/22000 |

| | | | | | | |
|----|------------------|-------|-------------|---------|---|-------------|
| 9 | Сырым ауданы | 766 | 13783/17390 | 0/17390 | - | 18000/20000 |
| 10 | Тасқала ауданы | 658 | 17730/20895 | | | 16000/18000 |
| 11 | Теректі ауданы | 1770 | 16000/18000 | - | - | 18000/20000 |
| 12 | Шыңғырлау ауданы | 569 | 17695/21358 | - | - | - |
| 13 | Орал қаласы | 19950 | 19000/21000 | -/18000 | - | 50000/50000 |
| 14 | Ақсай қаласы | 2716 | 24000/25000 | - | - | 50000/55000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК